

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал

---

4. 2004

# БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУ

*барлық пәндер бойынша*

# ФОНЕТИКА – ГРАММАТИКА БАСПАЛДАҒЫ

Рысалды ӨМІРТАЕВА,  
№ 4 қазақ гимназия-мектебінің  
бастауыш сынып мұғалімі.

Факультативтік сабағымыздың білімдік мақсаты фонетика нені зерттейтінін, сол саладағы тақырыптарды қалай меңгергендігін бақылау болды.

**Тәрбиелігі:** сөздерді буындық, дыбыстық талдауда оқушылардың тіл мәдениетін дамыту, мұсылмандыққа баулу. **Дамытушылығы:** оқушыларды өздіктерінен жұмыс істей білуге, шығармашылық ізденіске баулу. Ой-өрісін ұштай отырып, сөйлем мен жазу мәдениетін жетілдіру, қабілеттерін дамыту.

**Құрал-жабдықтар:** перфокарта, ойындар, жұмбақтар т.б. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, жинақтау.

**Пәнаралық байланыс:** ана тілі, дүниетану, математика, ән-күй, т.б. **Түрі:** саяхат сабақ.

**Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушылардың сабаққа дайындығын бақылау, мақсатымен таныстыру, яғни бүгінгі сабақтың ерекшелігін ескертіп өту.

– Бүгін біздің сабағымыз тәулік мезгілдеріне байланысты 5 бөліктен тұрады. Балалар, тақтаға назар аударындаршы, қандай көрнекілікті көріп тұрсындар? Кім оқып береді?

– Сәске түс, шаңқай түс, бесін, ақшам мезгілінде ауыл-ауылға қонаққа баратынымызды хабарлау.

Тақтада күннің көзі салынған (5 бөлікке бөлініп қойылған) көрнекілік ілулі тұр. Әр бөлігінде Таң, Сәске түс, Шаңқай түс, Бесін, Ақшам деген жазулар жазылған.

**1. Күн шығар алдындағы мезгіл қалай аталады?**

– Таң немесе таңертен.

Тақтадағы көрнекіліктен “таң” бөлігін алып, тапсырманы оқу.

1. Қазақ тілі қандай салаларға бөлінеді?

Фонетика, синтаксис, лексика және морфология.

2. Фонетика нені зерттейді? (Сөздердің дыбысталу жүйесін).

3. Қандай тақырыптарды өттік? (Дыбыс, буын, тасымал және оның түрлері).

4. Дыбыс қандай болып бөлінеді? (Дауысты, дауыссыз).

5. Дауысты дыбыс түрлерін ата. (Сөйлемдегі

сөздердің дауысты дыбыстарын сызғызу).

“Дыбысты ажырат!” ойыны (жазылған сөздердегі дауысты дыбыстың тиістісін жаз, түрлерін ата).

К..пуст., ..лм., м..с..қ, г..л, ж..йд..., ..рт..г..., к..йл..к.

“Қай әріп қажет?” ойыны.

– Я дыбысы қандай дыбысқа жатады?

– Балалар, әдептілік тәрбиесіне байланысты нақты сөздерді есімізге түсірейікші.

– Үлкендерді сыйла. Дастархан басында керілме.

– Қарттарды құрметтеп, кішіге қамқор бол. Досыңа ауыр сөз айтпа.

Осы айтылған сөздерді тақтаға жазбаша орындату. Дауысты дыбыстарын табу.

**2. Сәске түс.** Қай уақыт шамасындағы мезгіл? (Сағат 12-нің кезі).

Оқушыларға сәске түс кезінде Ш.Құдайбердиев атамыздың ауылына қонаққа баратынымызды хабарлау. Тақтадағы күн көзін құрастырып тұрған сәске түс бөліміндегі тапсырмаларды орындауға кірісеміз.

– Ш.Құдайбердиев кім? Кімнен тәлім-тәрбие алған? Қандай өленін жаттадық?

Берілген сұрақтарға ауызша жауап бергізу.

**Тапсырма:** Неше дауыссыз дыбыс бар? (25).

Дауыссыз дыбыс түрлерін атаңдар (катан, ұяң, үнді).

“Аласқан дауыссыздар” ойыны.

Дауыссыздарды тиісті бөлімдеріне теріп жазу. Мақалдар жазылған көрнекілік ілініп, жазбаша орындалды. Мысалы: Талаптыға нұр жауар (дауыссыз дыбыстарды сыз).

**3. “Шаңқай түс” қандай уақыт мезгілі?** (Сағат 2-нің кезі).

А.Байтұрсынов атамыздың ауылына келдік.

– А.Байтұрсынов кім? Қай жерде туған?

– Ана тілінен қандай шығармасымен таныспыз?

Қойылған сұрақтарға ауызша жауап алынды.

“Шаңқай түс” бөліміндегі тапсырманы орындату.

**Тапсырма:** Сөйлемдерді дұрыс құрастырып жазыңдар:

*Көрнекті қазақ ақыны, т.б.*

а) Дауысты дыбыс ауыз қуысындағы қандай мүшелердің қатысуымен айтылады? (Тіл, жақ, ерін).

ә) Ережелеріне тоқталу.

б) Фонетикалық талдау: ақын, халқы т.б.

**4. “Бесін” қандай уақыт мезгілі?** (Күн еңкейген немесе түстен кейінгі мезгіл).

М.Дулатов ауылына жеттік.  
– М.Дулатов кім? Қандай тәрбиелік әңгімелерін оқыдық?

– “Ешкімге жауыздық қылма”, “Байлық”.  
Бесін бөліміндегі тапсырманы орындату.

**Тапсырма:**

1. Буын дегеніміз не? Оның түрлерін ата.
2. Ережелерін айту. “Жоғалған буындар” ойыны.
3. Ауызша карточкамен жұмыс.

Жаңа жылды қарсы алып,  
Тойлағанда барша жұрт.  
Тұратын не ортада,  
Атын бастар қай әріп?

(Шырша).

Ас біткеннің анасы,  
Қасиетті “нан” осы,  
Қай әріптен басталып,  
Аяқталған қарашы?

(Нан).

Айдалада ақ отау,  
Аузы-мұрны жоқ отау.

(Жұмыртқа).

Осы жұмбақтарды шешкізіп, буынға бөлгізу, қай буын түріне жататындығын ажырату.

**5. “Ақшам” қандай уақыт мезгілі?** (Күн ұясына бата бастаған мезгіл).

Ж.Аймауытов атамыздың ауылына қонаға жеттік.  
– Ж.Аймауытов жайында не білесіңдер?

“Ақшам” бөліміндегі тапсырма жазбаша орындалады.

**Тапсырма:** перфокартамен жұмыс. (Оқушыларға алфавиттік, сөзжұмбақ түріндегі, т.б. карточкалар таратылды).

**6. Сабакты қорыту.**

– Міне, балалар, әділдікті көкsep, тәуелсіздікті ансаған осы ағаларымыз халқымыздың жүрегінде күн көзі болса, сендер содан тараған нұрсындар. Олардың бейнесі бізге әрқашан үлгі.